КЕЛІСІЛДІ
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің басшысы
_____ М.Мамраимов
«___» _____ 2026 жыл

БЕКІТІЛДІ
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры
_____ А.Аксентова
«____» _____ 2026 жыл

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды сыныбының 2026-2027 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

Түсінік хат

2026-2027 оқу жылында мектепалды сыныпқа арналған білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:

I. Кіріспе бөлім

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ демократиялық және гуманизм, қолжетімділік пен ашықтық, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығы және білім берудің зайырлы сипаты негізінде білім беру процесін ұйымдастырады

Мектептің міндеттері:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік және когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанға, туған тілге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, ұлттық бірегейлік, азаматтық және патриотизм негіздерін қалыптастыру;
- баланың мектепте оқуға дене, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Мектепалды даярлық сыныбында – 6 тәрбиеленуші.

Оқыту тілі – қазақ тілі

2026-2027 оқу жылындағы білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету төмендегі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделі;
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;
7. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
8. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметтерін көрсету туралы үлгілік шарттың нысандары;
9. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету қағидалары.

2026-2027 жылындағы тәрбие-білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының, мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген);
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген), 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген);
5. Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген білім беру бағдарламалары;
6. «2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, мектепке дейінгі ұйым өз қызметін 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырады – бұл оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі).

II. Мектепке дейінгі оқыту

Мектепалды даярлық сыныбында аптасына ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерінің саны 20 сағатты құрайды, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20–25 минутты құрайды.

Сыныптағы ұйымдастырылған іс-әрекет білім беру ұйымының тәрбие-білім беру процесінің кестесіне сәйкес күннің бірінші жартысында балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, кіріктірілген немесе жеке түрде өткізіледі.

Оқу жылы ішінде мектептің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді.

ҚЖаттар

ПІСІЛДІ
мола облысы білім басқармасының
рахан ауданы бойынша білім бөлімі»
І басшысы
_____ М.Мамраимов
_»_____ 2026 жыл

БЕКІТІЛДІ
«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Колутон ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ-нің
_____ А.Аксентова
«__»_____ 2026 жыл

2026-2027 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық тобының оқу жоспары

№ р/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жалпы жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат	102
	Дене шынықтыру	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	68
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын		
	Көркем әдебиет		2 сағат	68
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын		
	Қазақ тілі		2 сағат	68
	Қазақ тілі	күн сайын-		
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат	102
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын		
4	Математика негіздері		3 сағат	102
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын		
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат	68
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын		
6	Сурет салу		1 сағат	34
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын		
	Музыка		2 сағат	68
	Музыка	күн сайын		
8	**Барлығы**	-	**20 сағат**	**680**

Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 479 бұйрығына 3-қосымша